

Сыбайлас жемкорлық мемлекет пен бүкіл қоғамға үлкен залал келтіретін өте күрделі әрі көп қырлы күйылыс болып табылады. Сыбайлас жемкорлық заманауи қоғамның өзекті проблемасына айналып, әлеуметтік күйылыс ретінде азаматтық қорғау органдарында да көрініс табуда. Ол ең бірінші кезекте азаматтық қорғау органының имиджіне теріс әсер етіп, халықтың сеніміне нұқсан келтіреді, сонымен қатар мемлекеттің азаматтық қорғауы мен ұлттық қауіпсіздігіне зиян тигізеді.

Азаматтық қорғау органдарында жемкорлықты түп-тамырымен жою мақсатында жемкорлық көріністерді жою бойынша бірқатар кешенді іс-шаралар қабылданды. Оз кезегінде, Астана қаласы Төтенше жағдайлар департаменті, Департамент пен оның құрылымдық және ведомстволық бағынысты бөлімшелерінде сыбайлас жемкорлық көріністерінің алдын алу бойынша үгіт жұмыстарын белсенді жүргізуде.

Департаментте «2016-2017 жылдарға арналған Қазақстан республикасы ішкі істер органдарындағы сыбайлас жемкорлыққа қарсы іс-қимыл бағдарламасын» жүзеге асыру бойынша іс-шаралар жоспары әзірленіп бекітілді. Басшы құраммен күнделікті жеке құрам арасында сыбайлас жемкорлыққа қарсы іс-қимыл бойынша нұсқамалар жүргізіледі. Сондай-ақ, жемкорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыратын профилактикалық жұмыстар атқарылады. Осы орайда, ағымдағы жылдың 1 тоқсанында БАҚ-да, Web-сайтта жарияланған ақпараттық материалдар – 4, радиода сөз сойлеу -10, жемкорлық профилактикасы бойынша семинар мен дәрістер – 8, құқықтық жаппай оқыту бойынша жиын мен кенестер – 4 жүргізілді.

Ең жоғарғы қорсеткіштерге ие болу үшін әкімшілік тосқауылдарды азайту, тексерістер санын қысқартып, кәсіпкерлік қызмет бастамаларының жүзеге асуына қолайлы жағдай жасау бойынша жүйелі түрде жұмыстар атқарылуда. 2014 жылы мемлекеттік тіркеуден өткеніне үш жыл толмаған және төменгі тәуекел дәрежесіне жататын кіші кәсіпкерлік субъектілері тексерістерден босатылды. Колданыстағы заңнамаларға өзгерістердің енгізілуіне байланысты орт автоматикасы жүйелері мен қондырғыларын қолданысқа беруді қабылдау алынып тасталды, сонымен бірге 2016 жылдың 01 қаңтарынан бастап Департамент қызметкерлері жұмыс және мемлекеттік қабылдау комиссияларына қатыспайтын болды.

Аталған іс-шаралар жемкорлық көріністерінің орын алу қаупін азайтуға мүмкіндік береді, сондай-ақ азаматтық қорғау органдары жұмысының ашық болуына, мемлекеттік билік органдарына халықтың сенімін арттыруға, азаматтық қорғау органдарының имиджін

жогарылатуга багытталган.

ҚР ІІМ Бірінгай сенім телефоны – «1402».

Астана қаласы ТЖД Мемлекеттік тіл және ақпарат тобы